

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек
ауданы білім беру бөлімінің «Балдырған» балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысының есебі**

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Балдырған» балабақшасы» МКҚК бойынша «01» мамыр мен «31» мамыр аралығында 2022-2023 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды балабақша басшысының 2023 жылғы «1» наурыз № 12 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі комиссия өзгертілді)

1. Урынбаева Б.К. балабақша менеджері – комиссия төрайымы
2. Уразғалиева А.С. балабақша әдіскері – комиссия мүшесі
3. Моор С.П. балабақша тәрбиешісі – комиссия мүшесі
4. Мажитова Г.К. балабақша қазақ тілі пәні мұғалімі – комиссия мүшесі
5. Кажипова А.Ж. балабақша есепшісі – комиссия мүшесі
6. Альпейсова Г.К. балабақша тәрбиешісі – комиссия хатшысы

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1. Білім беру ұйымының толық атауы: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен - жайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Трекин ауылы, Жиберин көшесі № 1/1 үй, индекс 090617

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта): телефон/факс: 87113197-1-66, электрондық адресі: baldyrgan.1@mail.ru,

web-сайт: baldyrgan-baiterek.bkgov.kz

инстаграм парақшасы: [baldyrgan_balabaksha2023](https://www.instagram.com/baldyrgan_balabaksha2023)

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: (басшысының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі) Урынбаева Бибигул Канаткалиевна – менеджері, Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық білім беру бөлімінің 29 қараша 2007 жылғы № 76 т-1 бұйрығы және қайта тағайындау туралы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданының білім беру бөлімінің 25 қаңтар 2021

жылғы № 20 бұйрығы негізінде лауазымға тағайындалған. Телефоны: 87011540739; электрондық поштасы: bibigul.urynbayeva@mail.ru

5.Мемлекеттік тіркелуі туралы анықтама: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Бәйтерек аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі «Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама», берілген күні 19 қаңтар 2021жыл (алғашқы тіркелген күні 07 наурыз 2017 жыл). Бизнес сәйкестендіру нөмері 071040014669

6. Балабақшаның Жарғысы: Батыс Қазақстан облысы білім басқарамасының 08.02.2021 жылғы № 13 қаулысымен бекітілген, 19.01.2021жылы Бәйтерек аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінде тіркелген (алғашқы рет тіркелген күні 03.10.2007 жылғы № 93)

7. Рұқсат беру құжаттары: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті » мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің қызметінің мәліметтерін өзгерту туралы хабарламаны қабылдау талоны: № KZ76RVK00029965 28.01.2021 жылы берілген.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұны

Балабақша өз жұмысында ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі заңын және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 348 03.08.2022ж. және басқа да негізгі деректі құжаттарды басшылыққа алады. Балабақшада тәрбие-оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес 2 топ жұмыс жасайды. Жобалық қуаты 39 балаға арналған. Өзін – өзі аттестаттау комиссиясына талдау үшін тәрбиелеу мен оқыту әрекетін ұйымдастыру бойынша 2022-2023 оқу жылдарына деректі құжаттары қаралды:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен (2 және 3 қосымша) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

2.1. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық – педагогикалық жағдай жасау;

2.2. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарына оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндікті құру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастық жұмыстары:

- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар;
- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің құжаттары;
- Баланың даму мониторингі және нәтижелері;
- Балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін балалардың зияткерлік, спорттық, шығармашылық, және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері;

2022-2023 оқу жылында МКҚК «Балдырған» балабақшасында жас топтары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 3 тамыздағы № 348 бұйрығына;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына 2, 3 қосымшасы негізінде құрылған

№	Топтың атауы	Жас кезеңдері
1.	«Шаңырақ» қазақ аралас тобы	ортаңғы, ересек, мектепалды тобы
2.	«Солнышко» орыс аралас тобы	ортаңғы, ересек, мектепалды тобы

2022-2023 оқу жылында:

Вариативтік компонент төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. «Шаңырақ» қазақ аралас тобында - «Қазақ халқының салт-дәстүрлері»
2. «Солнышко» орыс аралас тобында- «Халық қозғалыс ойындары-денсаулықты нығайту құралы»

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталынды.

№ 394 бұйрығына 2-қосымша

мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

“Шаңырақ” аралас тобы (оқыту қазақ тілінде)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математиканегіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****		

«Балдырған» балабақшасының мектепалды тобына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары (5 жастағы балалар)

“Шаңырақ” аралас тобы (оқыту қазақ тілінде)

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
		-	20 сағат

“Балдырған” балабақшасының мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

“Солнышко” аралас тобы (оқыту орыс тілінде)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математиканегіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****		

«Балдырған» балабақшасының мектепалды тобына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары (5 жастағы балалар)

“Солнышко” аралас тобы (оқыту орыс тілінде)

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		
	Дене шынықтыру **	күн сайын	3 сағат
2	Сөйлеуді дамыту		
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	2 сағат
	Көркем әдебиет		
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	2 сағат
	Қазақ тілі		
	Қазақ тілі ***	күн сайын	2 сағат
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
		-	20 сағат

МКҚК «Балдырған» балабақшасы бойынша 2022 - 2023 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру жоспары, меңгеруші Б.Урынбаеваның келісімімен бекітілген перспективалық жоспарлар үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылып жазылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасап, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құрып, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етіп, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады. Топтар бойынша жас ерекшелігіне сай жазылған циклограммада күні бойы өтетін режимдік сәттер, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, вариативтік компонент бөлігі қарастырылды. Күн тәртібі сақталған. Мектепке дейінгі ұйымның оқу жоспарлары Үлгілік оқу жоспарының мазмұнына сәйкес жасалған. 2022-2023 оқу жылдары педагог мамандары мен тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, жас ерекшеліктері ескеріліп жасалынған ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жас ерекшеліктері бойынша топтардың жұмыс циклограммалары жинақталған.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық – педагогикалық жағдай жасау:
Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық – педагогикалық жағдай туғызу;
Психологиялық қызметтің бағыттары:

- 1.Психологиялық ағартушылық
- 2.Психологиялық кеңестер
- 3.Психологиялық коррекция
- 4.Психологиялық диагностика

2022-2023 оқу жылына педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітіп, жұмыстар атқарылды. Мәліметтер жинақталып әр топ балаларына жеке диагностикалық даму картасы толтырылды. Тәрбиеленушілермен алғаш балабақшаға келгендегі бейімделу процесі бақыланып, сол бойынша педагогтар мен ата-аналарға кеңестер жүргізілді. Әр топтың таным процесін анықтау әдістемелерінің қорытындысы толтырылды. Ата-аналар бұрышында «Баланың балабақшаға бейімделуі» кеңесі орналастырылды. Жас ата-аналарға жеке кеңестер жүргізілді. Мектеп алды,ересек топ ата-аналарына «Балаларға ұнайтын тәсілдер» топтық кеңесі өткізілді, ортаңғы топ ата-аналарына «Балаға не үйрете аламыз?» топтық кеңесі өткізілді. Түзету-дамыту жұмыстары балалардың өзара қарым-қатынасын зерттеуге «Суреттерді орналастыр» ойлау қабілетін дамыту жаттығулары жүргізіліп, балалардың қобалжуын сейілту жеке жұмыстары мен тақырыптық жағдайға байланысты «Ойын», «Арттерапия», «Музыка терапиясы», жеке топтық жұмыстары жыл бойы жүргізілді. Ата-аналармен жалпы және топтық жиналыстарда баяндамалар,сауалнамалар, кеңестер жүргізілді. «Баланы қалай тәрбиелеу керек?», «Мектепке қуанышпен», «Жазалау дұрыс па, бұрыс па?» тақырыптарында кеңестер ұйымдастырылды. «Балалардың психологиялық саулығы балабақша жұмысының басты міндеті» кеңесі педкеңесте талқыланды. Психологиялық ағарту бойынша «Балабақша бүлдіршіндерінің дамуындағы психологиялық ауытқуларды болдырмау», «Жақсы көңіл күй – жан қуанышы» топтық жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 оқу жылына атқарылған педагог – психолог маманының жұмыстары, дәлелдеме құжаттары қоса берілді.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндікті құру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастық жұмыстары.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіз ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023 оқу жылдары № 1 Трекин орта білім беретін мектебі мен МКҚК «Балдырған» балабақшасы арасында сабақтастық жұмысы жүргізілген. Өзара сабақтастық жұмысы педагог пен баланың арасында қарым- қатынасты ұйымдастыруда мектеп пен балабақшаның бірдей талап қоя білуін қадағалау арқылы балалардың білімін мектепте сәтті жалғастыруға дайындау болып табылды. №1 Трекин орта білім беретін мектебі мен балабақша арасындағы өзара байланыс сабақтастығына арналған келісім шарт жұмыс жоспары жасалып, ұйым басшыларымен бекітіп, жыл бойы жоспар негізінде жұмыстар атқарылған.

2021-2022 оқу жылында: Трекин орта жалпы білім беретін мектебі мен МКҚК «Балдырған» балабақшасы арасында жұмыс жоспарын талқылау үшін дөңгerek үстел оздырылды. «Білім ордасына саяхат» мектепке саяхат, тәрбиешілер мен мектепалды сыныбының тәрбиешісінің өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысуы, оқыту мотивациясы мен баланың мектепке қатысуын қадағалау, әдістемелік отырыстарда мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдістемелік әдебиеттермен танысу, оны талқылау, балаларды мектепке дайындау туралы ата-аналарға жеке кеңестер беру, мектептегі ертеңгіліктер мен ашық көрсетілімдерге, ойын-сауықтарға балабақша тәрбиешілерінің қатысуы. «Күлкі - жанның шипасы» ойын-сауығы, Ата-аналаға кеңес «Сіздің балаңыз болашақ оқушы», «Қош бол балабақша, сәлем мектеп!» ертеңгілігі, «Үйшік» ертегісінің театрландырылған қойлымы өткізілді. Жыл бойы балаларды мектепке дайындау туралы ата - аналарға кеңес беріледі. Балабақша түлегінің денсаулық паспортын, мінездемелері толтырылды.

«Ұлттық құндылықтарды жүзеге асыру» іс-шарасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша:

Балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу міндеттерін іске асыру «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының арнайы жобаларын ескере отырып, тәрбиелеу жұмыстары жалғасын тапқан. Балабақшада

балалардың жас ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып, «Туған жер», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» бағыты бойынша жұмыстар жүргізілген.

Максаты:

- Ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдау;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- Тәрбиелеу-оқыту үрдісінде заманауи педагогикалық тәсілдер мен озық тәжірибелер, инновациялық технологияларды қолдану;
- Рухани жаңғыру жағдайында ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, тәрбиелік шараларда, ойын-сауықтарда ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

2022-2023 оқу жылында:

«Балдырған» балабақшасында «Ұлттық құндылықтарды жүзеге асыру» бойынша іс-шаралар жыл бойы жоспар бойынша уақытылы ұйымдастырылып отырды. Білім күніне «Сыңғырла қоңырау» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет («Солнышко», «Шаңырақ» мектепалды, ересек топтары), Тіл мерекесіне арналған ертеңгілік «Тіл болашағы - балабақшадан» қазақ тілінен апталық («Солнышко», «Шаңырақ» мектепалды, ересек топтары), 1 қазан – қариялар күніне тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет «Армысың абзал жанды қариялар» (барлық топтар), «Республика күні» тәрбиелік іс-шара (барлық топтар), Тәуелсіздік мерекесіне орай тәрбиелік іс-шара «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» (барлық топтарда), «Денсаулық жолымен» қысқы спорттық ойын-сауық (барлық топтарда), Алғыс айту күніне арналған тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ризашылық пен алғыс» (барлық топтар), Аналар мерекесіне орай «8-наурыз аналар мерекесі» ертеңгілігі (барлық топтар), Наурызға арналған «Қош келдің, Наурыз!» мерекелік ертеңгілігі (барлық топтар), 1 мамыр мерекесіне «Ақпыз, қара, сарымыз-ағайынбыз бәріміз!» ертеңгілігі (барлық топтар), 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр – Жеңіс күніне орай «Бейбіт қорғанында» ойын-сауығы («Шаңырақ», «Солнышко» барлық топтарда).

3) МТДО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-дамытушы ортаны құру. «Балдырған» балабақшасында әр топта заттық-кеңістіктік дамытушы орталықтар баланың жас ерекшеліктері және физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын,

зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары ескерілді.

«Шаңырақ» қазақ аралас (ортаңғы, ересек) тобында:

Дене шынықтырудан ұйымдастырылған іс-әрекет кестеге сай барлық топтарда спорттық залда ұйымдастырылады, бірақ топта «Денсаулық» бұрышы жасақталынған.

Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған. Осы орталықта балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, дене бітімі мен психикасын қолайлы сезуін қамтамасыз ететін дәстүрлі және дәстүрден тыс қимылды ойындар жиынтығы, картотекалар (тыныс алу жаттығуларына арналған көрнекі, секіргіштер, таяқшалар, ленталар, гантельдер, әр түрлі көлемдегі доптар, су-джок доптары, доп батуттар, шеңберлі батут, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған массажды төсеніштер, құм, тұз салынған қапшықтар, гимнастикалық обручтар, доғалар, тенельдер, секіруге арналған қаптар, ойын материалдары, эстафеталарға арналған атрибуттар). Дәстүрден тыс әдісі бойынша (фетрдан жұлдызқұрт, эстафетаға арналған спорттық бұйымдары, линолеумнан табаншалар, табан массажаына арналған тиек-түймелер, қақпақтар, бүдір қолғаптар, асықтар, губкадан түрлі түсті доптар, матадан осьминог, касетаның ленталарынан, түрлі түсті жіптерден, киндер жұмыртқаларынан тыныс алу бұйымдары, қолдан жасалынған твистер ойыны). Бұл орталықта тәрбиеленушілердің еркін ойнауына арналған спорттық құрал жабдықтармен жабдықталған.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша әр балаға көркем әдеби оқулықтармен, таратпа материалдармен, дидактикалық ойындарымен және де саусак, қуыршақ, үстел үсті театры материалдарымен жабдықталған. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай арналған бағдарламалары бойынша кітапшалар, тақырыптық суреттер картотекасы, тақпақ, әңгіме құрауға арналған жиынтықтар, балаларға арналған иллюстрациялы кітаптар 1100 шығармасымен (қазақ, орыс, өзге ұлт ертегілері, балалар әндері, күйлер, дәстүрлі әндер, терме толғаулар, бесік жырлары, Абайдың қара сөздері, балаларға арналған тақпақтар), заманауи тәрбие құралдары сөйлеуді дамытуға арналған фланелеграф, қазақ, ағылшын тілдерін интерактивті үйретуге арналған (35 негізгі, 25 қосымша тақырыптары бар) «Сиқырлы қалам» құралы, аудио кітаптар (ертегілер), аудио таспалар, электронды ойыншық компьютер. Сөйлейтін заманауи ойыншықтар, қуыршақ театры, (ертегі қойылымына арналған ширма), ертегі кейіпкерлерінің маскалары,

жұмбақтар мен мақал-мәтелдер жинағы, лэпбуктер(төрт жыл мезгіліне, тіл дамытуға арналған)

Танымдық және зияткерлік дағдылары бойынша әр баланың танымдылық іс - әрекетінің және заттардың қасиетін білу, математикалық ұғымдарын түсіну бағытындағы жеке дамуына әсер ететін сенсорикалық – дидактикалық ойындар: сандар, геометриялық пішіндер, түрлі пазлдар, мозайкалар, өлі және тірі табиғатқа арналған суреттер жинағы, картотекалар, слайдтар, видео фильмдер, жыл мезгіліне сай безендірілген табиғат бұрышы, жеміс-жидек, көкөністер муляжі, «Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар», «Үй құстары», «Жабайы құстар», «Жәндіктер» макеттері, «Өлі табиғат» құралдары (тастар, құм, топырақ салынған құтылар, түрлі түсті тұз салынған құтылар, дәнді дақылдар салынған құтылар), тірі табиғатты зерттеуге арналған аквариумдағы балықтар, қоршаудағы қояндар, бөлме өсімдіктері және өсімдіктерді күтіп баптауға арналған құралдар, бақылауға арналған терезе алдындағы бау -бақшада ыдыстарға отырғызылған пияздар, жұмыртқаға отырғызған бидай. Жыл мезгілдерін құрастыруға арналған заттар дайындалған фланелеграф, күнделікті ойнайтын ойыншықтар: қуыршақтар, көлік түрлері, ыдыс аяқ жиынтықтары, жұмсақ ойыншықтар, ұсақ ірі құрлыс ойыншықтары, мангитті шахмат тақтасы, хоккей, балаларға арналған ойыншық проектор.

Балалардың шығармашылық дағдылары бойынша зерттеу іс-әрекетін дамыту, балалардың бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру іс-әрекеттеріне арналған құралдар: түрлі -түсті қарандаштар, акварель, гуашь бояулары, альбом, түрлі- түсті қағаздар, картондар, қылқамдар, желімдер, әр түрлі ермексаздар, балалар жұмысын ілуге арналған тақта. Дәстүрден тыс сурет салу материалдары: трафареттер, таңбалар, түтікшелер, губка, мақталы таяқшалар, тіс пастасы, щеткасы, балауыз бояулар т.б. Түрлі қораптаға жинақталған мата түрлері, конфет қағаздары, түрлі- түсті ленталар, кесте төгуге арналған жіптер мен құралдар, тоқыма жіптер, фетрдан маталар, сырмалар, ілгектер т.б., жұмыстарды ілуге арналған тақта. Музыкалық құралдармен таныстыру бағытындағы музыкалық дидактикалық ойындар, әндер, кітаптар катотекалар жинағы, әйгілі композитор, күйшілер портреттері, балаларға арналған түрлі музыкалық аспаптары, сылдырмақтар, үрмелі аспаптар, музыкалық синтезатор, музыкалық колонка, шығармашылық өнерге арналған түрлі бұйымдар, костюмдер, стендтер.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды бойынша сюжеттік-рөлді ойындардың жиынтығы, жол ережесі макеті, стенді, қоршаған ортадағы

дыбыстар аудио таспасы, патриоттық тәрбиеге баулу үшін жасақталған бұрышта қолдан ағаштан жасалған ою-өрнекпен әшекейленген киіз үй макеті, оның ішінде қазақ халқының тұрмысына қажетті құралдары: бесік, домбыра, сандық, жер үстел т.б., ұлттық тәрбиеге арналып жасалған ширма-папкалары, алтын адам макеті, үлестірмелі жалаушалар. Бейнелейтін ойыншықтар, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, түрлі театрлар: қуыршақ, саусак, үстел үсті театры жасақталынған. Балалардың ертеңгілік қойылымдарына және рольдік ойындарға арналған костюмдер бұрышы, қойылымдарға арналған ширма. Желілі- рольдік ойындар (шаштараз, асхана, емхана, дүкен). Табиғатты бейнелейтін суреттер жиынтығы, танымдылық бағытта 3Д кітаптар, сөйлейтін кітаптар, инновациялық сөйлейтін қалам, заманауи сөйлейтін ойыншықтар, жыл мезгілдеріне және өтпелі тақырыптарға арналып жасалған лэпбуктер бар. Әр жыл мезгіл сайын жаңартылып тұратын табиғат бұрышында (төрт жыл мезгілі картотекасы, стенд, ауа райын бақылайтын бұрыш) табиғат бұрышындағы көрнекіліктер, кейіпкер қуыршақ, ағаш макеті әр жыл мезгіліне сай безендіріп тұрады.

Топта оқу тәрбие процесінің барлық кезеңдерінде пайдалануға арналған аудио, видео материалдар сақталған тасымалдағыш құралдарда жағартылып тұрады (флешка)

«Солнышко» орыс аралас (ортаңғы, ересек) тобында:

Дене шынықтырудан ұйымдастырылған іс-әрекет кестеге сай барлық топтарда спорттық залда ұйымдастырылады, бірақ топта «Денсаулық» бұрышы жасақталынған.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне дене бітімі мен психикасын қолайлы сезуін қамтамасыз ететін дәстүрлі және дәстүрден тыс қимылды ойындар жиынтығы, картотекалар (тыныс алу жаттығуларына арналған көрнекі, секіргіштер, таяқшалар, ленталар, гантельдер, әр түрлі көлемдегі доптар, судо-джок доптары, доп батуттар, шеңберлі батут, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған массажды төсеніштер, құм, тұз салынған қапшықтар, гимнастикалық обручтар, доғалар, тенельдер, секіруге арналған қаптар, ойын материалдары, эстафеталарға арналған атрибуттар). Дәстүрден тыс әдісі бойынша (фетрдан жұлдызқұрт, эстафетаға арналған спорттық бұйымдары, линолеумнан табаншалар, табан массажына арналған тиек-түймелер, қақпақтар, бүдір қолғаптар, асықтар, губкадан түрлі-түсті доптар, матадан осьминог, касетаның ленталарынан, түрлі-түсті жіптерден, киндер жұмырталарынан тыныс алу бұйымдары, қолдан жасалынған твистер

ойыны). Бұл орталықта тәрбиеленушілердің еркін ойнауына арналған спорттық құрал жабдықтармен жабдықталған.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша балаларға арналған бағдарламалар негізіндегі кітапшалар, тақырыптық суреттер картотекасы, тақпақ, әңгіме құруға арналған жиынтықтар, балаларға арналған иллюстрациялы қызықты кітаптар, жұмыс дәптерлері, дидактикалық ойындарымен және де саусак, қуыршақ, үстел үсті театры материалдарымен жабдықталған, дамытуға арналған 1200 шығармасымен (қазақ, орыс, өзге ұлт ертегілері, балалар әндері, күйлер, дәстүрлі әндер, терме толғаулар, бесік жырлары, Абайдың қара сөздері, балаларға арналған тақпақтар), заманауи тәрбие құралдары сөйлеуді дамытуға арналған фланелеграф, қазақ, ағылшын тілдерін интерактивті үйретуге арналған (35 негізгі, 25 қосымша тақырыптары бар) «Сиқырлы қалам » құралы, аудио кітаптар (ертегілер), аудио таспалар, электронды ойыншық компьютер.Сөйлейтін заманауи ойыншықтар, қуыршақ театры, (ертегі қойылымына арналған ширма), ертегі кейіпкерлерінің маскалары, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер жинағы, лэпбуктер(төрт жыл мезгіліне, тіл дамытуға арналған суреттер, мақалдар, қысқа әңгімелер.

Танымдық және зияткерлік дағдылары бойынша әр баланың танымдылық іс әрекетінің және заттардың қасиетін білу, математикалық ұғымдарын түсіну бағытындағы жеке дамуына әсер ететін сенсорикалық – дидактикалық ойындар: сандар, геометриялық пішіндер, түрлі пазлдар, мозайкалар,өлі және тірі табиғатқа арналған суреттер жинағы, картотекалар, слайдтар, видео фильмдер, жыл мезгіліне сай безендірілген табиғат бұрышы, жеміс-жидек, көкөністер муляжі, «Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар», «Үй құстары», «Жабайы құстар», «Жәндіктер» макеттері, «Өлі табиғат» құралдары (тастар, құм, топырақ салынған құтылар, түрлі-түсті тұз салынған құтылар, дәнді дақылдар салынған құтылар), тірі табиғатты зерттеуге арналған аквариумдағы балықтар, қоршаудағы қояндар, бөлме өсімдіктері және өсімдіктерді күтіп баптауға арналған құралдар, бақылауға арналған терезе алдындағы бау- бақшада ыдыстарға отырғызылған пияздар, жұмыртқаға отырғызған бидай, капроннан жасалған жұлзықұртқа еккен бидай, губкаға еккен аскөк. Жыл мезгілдерін құрастыруға арналған заттар дайындалған фланелеграф, күнделікті ойнайтын ойыншықтар: қуыршақтар, көлік түрлері, ыдыс аяқ жиынтықтары, жұмсақ ойыншықтар, ұсақ ірі құрылыс ойыншықтары, мангитті шахмат тақтасы, хоккей, балаларға арналған электронды ойыншық компьютері.

Балалардың шығармашылық дағдылары бойынша бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру іс-әрекеттеріне арналған құралдар: түрлі -түсті қарандаштар, акварель, гуашь бояулары, альбом, түрлі -түсті қағаздар, картондар, қылқамдар, желімдер, әр түрлі ермексаздар, балалар жұмысын ілуге арналған тақта. Дәстүрден тыс сурет салу материалдары: трафареттер, таңбалар, түтікшелер, губка, мақталы таяқшалар, тіс пастасы, щеткасы, балауыз бояулар т.б. Түрлі қораптаға жинақталған мата түрлері, конфет қағаздары, түрлі- түсті ленталар, кесте төгуге арналған жіптер мен құралдар, тоқыма жіптер, фетрдан маталар, сырмалар, ілгектер т.б., жұмыстарды ілуге арналған тақта. Музыкалық құралдармен таныстыру бағытындағы музыкалық дидактикалық ойындар, әндер, кітаптар катотекалар жинағы, әйгілі композитор, күйшілер портреттері, балаларға арналған түрлі музыкалық аспаптары, сылдырмақтар, үрмелі аспаптар, музыкалық синтезатор, музыкалық колонка, шығармашылық өнерге арналған түрлі бұйымдар, костюмдер, стендтер.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды бойынша сюжеттік-рөлді ойындардың жиынтығы, жол ережесі макеті, стенді, қоршаған ортадағы дыбыстар аудио таспасы, патриоттық тәрбиеге баулу үшін жасақталған бұрышта патриоттық тәрбиеге арналып жасалған ширма-папкалары (қазақ халқының салт дәстүрлері, тағамы, ұлттық киімі, рәміздер, ойындары, ертегілері) қазақ халқының ұлттық киімдерін киген қуыршақтар, үлестірмелі жалаушалар. Әлеуметтік ортада бейнелейтін ойыншықтар, ойыншық жиһаз, үй мекеті, ойыншық ыдыстар жиынтығы, түрлі театрлар: қуыршақ, саусақ, үстел үсті театры жасақталынған. Балалардың ертеңгілік қойылымдарына және рөлдік ойындарға арналған костюмдер бұрышы, қойылымдарға арналған шиырма. Желілі- рөлдік ойындар(шаштараз, асхана, емхана, дүкен). Табиғатты бейнелейтін суреттер жиынтығы , танымдылық бағытта 3Д кітаптар, сөйлейтін кітаптар, инновациялық сөйлейтін қалам, заманауи сөйлейтін ойыншықтар, жыл мезгілдеріне және өтпелі тақырыптарға арналып жасалған лэпбуктер бар. Әр жыл мезгіл сайын жаңартылып тұратын табиғат бұрышында (төрт жыл мезгілі картотекасы, стенд, ауа райын бақылайтын бұрыш) табиғат бұрышындағы көрнекіліктер, кейіпкер қуыршақ, ағаш макеті әр жыл мезгіліне сай безендіріп тұрады.

Топта оқу тәрбие процесінің барлық кезеңдерінде пайдалануға арналған аудио, видео материалдар сақталған тасымалдағыш құралдар да жаңартылып тұрады (флешка)

2022-2023 жылдары алынған негізгі құралдар:

2022 жыл			
Атауы	Саны	Бағасы	Соммасы
Балаларға арналған түрлі түсті доңгелек үстел	10	21000	210000
Барлығы:	10	21000	210000

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындау «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар болуы:

2022 -2023 оқу жылы бойынша 9 педагог қызмет атқарған.
Олардың 4 – тәрбиешілер

Оқу жылдары	Тәрбиешілер саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтар	Пайыздық мөлшермен
2022-2023	4	4	100%

Менгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі, қазақ тілі мұғалімін қосқандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтар үлесі:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтар	Пайыздық мөлшермен
2022-2023	9	8	88,8%

Тәбиелушілердің даму мониторингі

Әр жас тобына бағдарлама материалының мазмұнын игеруде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторингі» бойынша әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

2022-2023 оқу жылында балалардың білім білік дағдыларына бастапқы, аралық, қорытынды жалпы мониторинг жүргізілген, бағдарламаның толық меңгергенін анықтайтын баланың жеке даму картасы толтырылған, баламен түзету жұмыстары жүргізілген. Тәрбиешілердің баланың өмірі мен денсаулығын сақтау циклограммасында «Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс» бөлімі, сондай – ақ, баланың жеке даму картасы толтырылған. Әрбір бақылаудан (бастапқы, аралық, қорытынды) кейін түзету іс-шаралары баланың бағдарлама бойынша үлгермей, меңгермей жатырған тұстары бойынша жүргізіліп, апталық циклограммада көрсетілген. Балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын бақылау бойынша мониторинг материалдары (электронды) түрінде сақталған. Балабақша бойынша қорытынды мониторинг нәтижесі электронды түрде «Балаларды ерте дамыту институтының» платформасында орналастырылды. Стандарт талаптарына сай бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырған және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылған.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінде қойылатын талаптардың сақталуы:

2022-2023 оқу жылында МКҚК «Балдырған» балабақшасында оқу жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен (2 және 3 қосымша) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес. Тәрбиеленушілер қызметінің түрін өзгертуді қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған іс-әрекеті кестелерінің тұрақты тепе-теңдігі сақталып, құрылған. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру: дене шынықтыр, сөйлеуді дамыту; көркем әдебиет; сауат ашу

негіздері; қазақ тілі, математика негіздері, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекет үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырылды.

2022 – 2023 оқу жылдарында вариативтік компонент бойынша:

1. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» - «Шаңырақ» қазақ аралас тобында
2. «Халық қозғалыс ойындары» – денсаулықты нығайту құралы» - «Солнышко» орыс аралас тобында

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталынды.

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы:

2022-2023 оқу жылдары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен (2 және 3 қосымша) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес (барлық топтардың 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері қоса жалғанды)

МКҚК «Балдырған» балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысы:

1. 2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілерді тәрбие мен оқыту процесі МЖМБС талаптарына және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394

бұйрығымен (2 және 3 қосымша) сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру білім беру қызметін жүзеге асыруда. Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларға педагогикалық және психологиялық жағдай толығымен жасалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, мектеппен сабақтастық пен үздіксіз ұстанымдары қамтамасыз етілген. «Ұлттық құндылықтарды жүзеге асыру» іс-шарасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт – дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі мен циклограммаға сәйкес перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар бар. МТДО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нағайтуды қамтамасыз ететін пәндік-дамытушы орта толық мазмұнды, өзгермелі, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз. Пәндік – кеңістіктік дамытушы орта әрбір жас кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеуге арналған заманауи дидактикалық материалдар мен жабдықтарды қолдана отырып Үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді іске асыруға, балалардың ойын, танымдық, зерттеу, шығармашылық және қимыл белсенділігін қамтамасыз етуге жағдай жасалған. Пәндік-кеңестіктік дамытушы ортада балаларды қоршаған ересектер мен балалармен өзара ықпалдастыққа эмоционалдық жағдайын жасауға және балалардың өз ойын білдіруге мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар қызмет атқарады. Баланың даму мониторингі және нәтижелері баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға және баланың түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ұйымдастырған. Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын ескеріп, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке дамуына қажетті жұмыстар жүргізілген. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру: дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту; көркем әдебиет; сауат ашу негіздері; қазақ тілі, математика негіздері, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар балалардың зияткерлік,


шығармашылық және көркемдік байқауларына қатысқан. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы, аралық, қорытынды мониторингі) әдістемелік талапқа сай жүргізілген. Стандартпен белгіленген деңгейлер «үлгілі», «жақсы», «жақсартуды талап ететін», «төмен» деп болжамдалған. Бақылау парағы, жиынтық есебі, баланың жеке даму картасы электронды форматта жүргізілген.

Қорытынды баға: «Балдырған» балабақшасы бойынша өзін-өзі бағалау қорытынды бағасы: «үздік» деп бағалансын.

Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:

Коммисия хатшысы:



Урынбаева Б.К.- меңгеруші



Уразгалиева А.С.- әдіскер



Моор С.П.- тәрбиеші



Мажитова Г.К. – қазақ тілі пәні мұғалімі



Кажипова А.Ж. – есепші



Альпейсова Г.К. - тәрбиеші

Өзін-өзі бағалау қорытынды есебі

24 бет тігіліп, мөрмен шандырылды.

Менгеруші: Шығарынбаева Б.К.

